

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

блог ашуда. Екіншіден: интернет-технологиялардың базасында жұмыс істейтін БАҚ дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарынан ерекшеленеді. Олар арзан, жер шарының кез келген нүктесіне тарайды, ақпарат жедел түрде таратылып, жарияланады. Ол арқылы плюрализм дамиды. Одан басқа, журналистер мен ақпараттық қоғам арасындағы байланыс одан әрі күшейеді. Арақашықтық маңызды рөл ойнамайды, шетелден отандық сайттарға ақпарат жіберуге болады.

Қолданылған әдебиеттер

1. Интернет-СМИ: Теория и практика. Учебное пособие для студентов вузов. / под ред. М.М. Лукиной. – М.: Аспект Пресс, 2010
2. Васильев А., Computer Club Magazine. Взрослеющий Казнет. // PROFIT.KZ: все об ИТ в Казахстане. URL: <http://profit.kz/articles/1600-Vzrosleuschij-Kaznet>.

ӘОЖ: 796. 01: 376

ШЫҢЖАҢ ХАЛЫҚТЫҚ РАДИОСЫНЫҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

Хахан Айдынгүл

zhur.enu@mail.ru

ЕҰУ-дің Журналистика және саясаттану факультетінің 2 курс магистранты, Астана
Қазақстан

Ғылыми жетекші – Р.Нуриден

Тағдырдың басқа салуымен шетелдерде өмір сүріп жатқан қазақ хандарымыздың рухани қазынасы – ортақ қазына. Себебі қанымыз да, жанымыз да – бір қазақ. Осы ретте Қытай Халық Республикасындағы 57 ұлттың арасында 17-ші, ал мәдени ықпалдастық деңгейі бойынша 5-ші орынды иеленетін ат төбеліндей қазақтың рухани қажеттілігін өтейтін 6 мемлекттік баспа, 2 арнайы телеарна, радио, ондаған газет-журнал, оған қоса кино саласының, Ұлттық істер, Тіл және жазу, Аударма комитеттерінің қазақ бөлімдері қызмет атқаратындығы қуантады және олармен бірлесе, ынтымақтаса жұмыс істеуге ынталандырады. Олардың ішінде өлкелік «Мұра», «Іле айдыны», «Тарбағатай», «Шыңжаң қоғамдық ғылымы» журналдарының, «Шыңжаң», «Іле» газеттерінің, Шыңжаң халық радиосы, оны аймақтық қосындарының, ШҰАР Қазақ телевизиясы мен оның аймақтық, аудандық құрылымдарының, т.б. ұжымдар бар екен[1].

Елімізбен іргелес жататын Қытайдың солтүстік-батысына орналасқан аз ұлттар жиі қоныстанған Шыңжаң өлкесінде 13 ұлт шоғырланған. Оның ішінде қазақ ұлты 1,5 миллионнан асады. Сол миллион қазақтың «құлағы һәм көзі» болып келе жатқан екі радио қазақ тілінде сөйлейді. Оның бірі, Шыңжаңдағы қазақ радиосы болса, екіншісі алып елдің астанасына орналасқан Пекиндегі қазақ радиосы.

Бұқаралық ақпарат құралдарының ішінде ықпалды әрі әлі де зерттеуді қажет ететіні – шетелдегі қазақ тілінде хабар тарататын радиолар екені сөзсіз. Бұл туралы кезінде журналистика ғылымдарының кандидаты, доцент, профессор Нуриден Рахима Шәріпқызы зерттеген еді. Ол өзінің «Халықаралық радиожурналистика» кітабында «Халықаралық радиохабарлар ұлттық бұқаралық ақпарат жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Оның ерекшелігі – хабар тартаудың бұл түрі бірнеше тілде және сол елдің тілінде жүзеге асырылады» дейді де, халықаралық радиохабарлардың даму кезеңдерін үшке бөледі: «Бірінші кезең 1920-1940 жылдар аралығы. XX ғасырдың 20 жылдары пайда болып, екінші дүниежүзілік соғыстың аяғында әлемнің әртүрлі елдерінде шетел аудиториясына арналған радиохабарлар қалыптасты. Екінші кезең 1946 жылдан басталып «қырғы қабақ соғыс» деген атқа ие болды. Үшінші кезең 1980-90 жылдар». Осы кезеңдердегі халықаралық радионың шығуы туралы «Халықаралық радиожурналистиканың ғасырға жуық тарихында алғашқы екі

кезенде жетекші мемлекеттер ғана әлемдік толқынды билеп-төстеп, үшінші кеңеңдегі көрініс басқа болды. Өз алдына мемлекет болған елдердің қайсы болса да, әлемдік ақпарат кеңістігіне ұмтылып, кейбірііөзгелердің радиохабарын тыңдауға мүмкіндік алды. Мемлекеттер өзі хабар тарата отырып, өзге елдердің хабарын да тыңдауға мүмкіндік туды», - деген орынды пікір білдіреді[2]. Дәл осы айтылған екінші кезеңде дүниеге келген радиолардың бірі – Шыңжаң халық радиосы. Шыңжаң-ұйғыр Халықтық радиостанциясы - Қытайдағы аймақтық радиохабарлары ішіндегі ең елеулілерінің бірі.

Негізінен, 1954 жылы Шыңжаңда ұлттық автономиялық округтер, уездер құрыла бастаған. Бұл жерді монғол, қазақ, дүнген, қырғыз, т.б ұлттардың өкілдері мекен етті. 1955 жылдың 13 қыркүйегінде Жалпықытай Ұлттық өкілдері жиналыстың тұрақты комитетінде Шыңжаң провинциясын таратып, оның орнына Шыңжаң-Ұйғыр автономиялы районын құру жөнінде қаулы қабылданды.

1955 жылдың 15 ақпанынан бастап «Үрімші радиосы» қазақ тілінде хабар бере бастады. Қазақ тіліндегі хабарлар аптасына 6 рет 35 минуттан беріліп отырды. Хабардың мазмұны сол кездің тынысына орай социализм құрылыс, Қытайдың сыртқы саясаты, елдің басқа жерлеріндегі революциялық өзгерістер жайлы болды. Қазақ тіліндегі хабарлардың бір ерекшелігі – Кеңестер Одағындағы қазақтардың өмірімен таныстыру еді.

Шыңжаң халық радиостанциясы (Үрімші радиосы) – Қытайдың солтүстік батысындағы ірі насихат орталығы. Ол ШҰАР радио және теледидар басқармасы жүйесіне енеді. Бұл басқарма Шыңжаң халық үкіметі ШҰАР партия ұйымының насихат бөліміне бағынады. Қазіргі кезде бұл радиостанция қытай, ұйғыр, қазақ, монғол, қырғыз тілдерінде тәулігіне 24 сағат хабар береді. ҚХР Шыңжаң Халық радиосы әдеби көркемөнер бөлімінің жетекшісі Серік Әбіл былтыр, 2014 жылы Алматыда шығармашылық кешін өткізген еді. Ол шетелдегі қазақ иаспорасының ішінен алғашқы болып Қазақстанда кеш өткізгені белгілі.

Енді Шыңжаңдағы қазақ радиосының тарихына келер болсақ, осы Шыңжаң халық радиосының қазақ бөлімі осыдан 57 жыл бұрын, атап айтқанда 1955 жылы 15 ақпанда құрылған болатын. Ақпараттық және радио сауаты болмашы ғана алты адамның тәуекелдігімен жұмыс бастаған тек қазақ тілінде сөйлейтін радио қазір күніне 18 сағат эфирге шығады.

57 жыл бұрын күніне жарым сағат бағдарлама тарата бастаған Шыңжаң халық радиосының қазақ тіліндегі радио тарихындағы өзгерістерді былайша жіктеп, хронологиялық кестесін жасауға болады:

- 1955 жылы 15 ақпанда қазақ тіліндегі радио бағдарламасы күніне жарты сағаттық уақытпен эфирге шықты.

- 1957 жылы 6 мамырда, қазақ тіліндегі радионың уақыты бұрынғы жарты сағаттан бір сағатқа, сол жылы 17 қарашадан 1,5 сағатқа ұзарды.

- 1959 жылы мамырда күндік таратылу уақыты 2 сағатқа ұзарды.

- 1965 жылы 8 қарашада күндік таратылу уақыты (таңертең, түс, кеш) үш уақытқа бөліп берілетін болды. Жаңалықтар «мемлекеттің ішкі, сыртқы жаңалықтары» және «Шыңжаң жаңалықтары» болып дара таратылатын, арнаулы бағдарламалар мен концерттік бағдарламалар тұрақты уақытта берілетін болды.

- 1971 жылы 1 мамырдан бастап «Орталық халық радиостанциясы» (Пекиндегі қазақ радиосы) тұңғыш эфирге шыққан қазақ тіліндегі бағдарламасын жалғап таратты.

- 1975 жылы қазақ тобы қазақ ұжымы болып құрылды. Оның құрамында жаңалық, арнаулы бағдарлама, дикторлар тобы болды.

- 1976 жылы радионың таратылу уақыты 11 сағатқа тұрақтанды. Қазақ тілі ұжымындағы тілшілер мен ерікті тілшілер жазған хабар-мақалалардың салыстырмасы арта түсті. Сонымен қатар, жаңалықтардан сырт «Үйрену бағдарламасы», «Мал шаруашылығы райондарына арналған бағдарлама», «Жастар», «Балалар», «Білім бұлағы» бағдарламалары дүниеге келді.

- 1978 жылы қазақ әдебиет, көркемөнер тобы ұйғыр тобынан бөлініп, өз алдына отау тікті.

- 1985 жылы қазақ тіліндегі радио бағдарламаларында көлемді өзгеріс болды. Жалпы таратылу уақыты 8 сағат 50 минутқа қысқарды. Жаңалықтарға тыңнан «Қысқа жаңалықтар» және «Экономикалық информация» қосылды. «Ауыл аясында», «Тянь-Шань алабында», «Тұрмыс ақылшысы», «Ертеден қазірге, Қытайдан шетелге дейін», «Жалпылық ғылымнан сауат», «Заң сауаты» қатарлы арнаулы бағдарламалар қосылды. Концерт күніне он сегіз рет берілді.

- 1990 жылы қазақ тіліндегі жарнама таратыла бастады. Күніне он рет жаңалық таратудан сырт аптасына берілетін бағдарламасының саны тоғызға жетті. Әдеби-көркем бағдарлама саны он төртке жетіп, радиотеатры, радио сауықкеші, радио музыка кеші, айтыс сынды жаңа мазмұндар қосылды.

- 1994 жылы желтоқсаннан бастап Шыңжаң халық радиостанциясының 5 тілдегі берілімі спутник арқылы таратыла бастады.

- 1997 жылдың соңында Шыңжаң бойынша тұңғыш рет қазақша жаңа әндер фестивалі өткізілді. Таңдалып таспаға жазылған 103 шыарманың 40 әні марапатқа ие болды.

- 2000 жылы 25 қыркүйекте қазақ тіліндегі бағдарлама уақыты бұрынғы 8 сағат 50 минуттан 18 сағатқа ұзарды.

- 2001 жылы 17 шілдеде, қазақ тіліндегі радио Іле қазақ автономиялы облысының 13-ші рет өткізген ақындар айтысының басталу салтын Нарат сахарасының Ақөзен жайлауынан тұңғыш рет тікелей таратты.

- 2002 жылы наурыздан бастап жаңалықтарды қамтыған бір бөлім бағдарламаларды тікелей эфирде оқу жолға қойылды, әрі қазақ тіліндегі радио тарихында тұңғыш рет күніне бір сағат уақытпен таратылатын авторлық бағдарлама эфирге шықты.

- 2003 жылы 17 желтоқсанда, Шыңжаң жаңалықтар сайтының қазақша сайт беті жасалып, сайттағы көрермендермен үндесті [3].

Шыңжаң халық радиосының басынан талай қиын кезеңдердің өткені белгілі. 1980 жылдардан кейінгі уақытта Шыңжаңның барлық аймақ, облыс, қала, аудандарында сымсыз радио хабарларын тарату жүйелері іске қосыла бастады. 1985 жылдың жағдайымен Орталық халық радиостанциясы және Шыңжаң халық радиостанциясынан басқа аймақ, қала, ауданға хабар тарататын 7 халық радиостанциясы құрылды. Бұл жаңадан ашылған радио бекеттері қытай, ұйғыр және қазақ тілдерінде хабар таратып тұрды. Қазақ тіліндегі радиобағдарламаларының мазмұны, сапасы, пішіні, кәсіби деңгейі, техникалық жабдықталуы қоғам талабына сай, халықтың қажетіне қарай жақсара түсті. Бүгінгі күні Шыңжаңдағы қазақ радиосы партияның саясатын насихаттаушы ірі күшке айналумен бірге халықтың жанашыры әрі сырлас досына айнала білді.

Қолданылған әдебиеттер

1. http://qazaq-alemi.kz/more?page_id=37&id=419
2. Нуриден Р.Ш. Халықаралық радиожурналистика: оқулық. Алматы – ҚР ЖОО қауымдастығы, - 2012
<http://baq.kz/kk/diaspora/kitai-kazaktari/shinzhandagi-kazak-radiosi-67>